



БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы-ректор  
А.М. Наметов  
« 06 » 05 2021 ж.

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

СМК.08. ҚЕ.28

Басылым № 01

Дана № \_\_\_\_\_

Дайындалды: 30.04.2021 Губашев Н.М.	Келісілді: 04.05.2021 Таубасев У.Б. Ихсанов Е.Б.	Енгізілді: 11.05.2021 30.04.2020 ж. СМЖ.08. ҚЕ.28 орнына Қайта қаралуы: 13.05.2024
--	--	---

СМК.08. ҚЕ.28 АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ Өзгерістер: 01 Бет 1 беттер 1

## МАЗМҰНЫ

1. Мақсаты
2. Қолданылуы
3. Терминдер мен қысқартулар
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Сипаттама
6. Құжаттама
7. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1 Мақсат**

Бұл ереже Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің (бұдан әрі – БҚАТУ/Университет) Еуропалық жоғары білім аймағында (ESG) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген білім беру бағдарламаларын іске асыру контекстінде ішкі сапа кепілдігі жүйесінің тұрақты қызмет ету тұжырымдамасын көрсетеді.

Негізгі мақсат – студенттерге бағытталған оқытуды жүзеге асыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған тұтас жүйе құру. Құжат білім берудің ішкі сапасын қамтамасыз ету Саясаты, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Саясаты, академиялық адалдық Саясаты, академиялық ұтқырлық Саясаты, қабылдау Саясаты және адами әлеуетті дамыту Саясатынан тұратын Академиялық саясатты қамтиды.

## **2 Қолдану аясы**

Бұл құжат университеттің академиялық саясатының негізгі элементі болып табылады және мақсаттың көрсеткіштері немесе сапаға қатысты университеттің қағидаттары түрінде тұжырымдалуы мүмкін.

## **3 Анықтамалар мен қысқартулар**

### **3.1 Анықтамалар**

**Университет сапасын қамтамасыз етудің ішкі саясаты** – бұл білім беру бағдарламаларының сапасын жақсартуға және үнемі дамыту мәдениетін жетілдіріп отыруға қажетті университеттің ұйымдастыру құрылымының, ішкі құжаттамалар, процестер мен қорлардың көрсеткіштерінің жиынтығы.

**Білім сапасы** – бұл білім беру қызметінің және білім алушылардың дайындығының жан-жақты сипаттамасы, олардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, кәсіби стандарттарға және негізгі стейкхолдерлердің қажеттіліктеріне, сондай-ақ білім беру бағдарламасының жоспарланған мақсаттары мен нәтижелеріне жету дәрежесін көрсетеді.

**Сапа мәдениеті** – университеттің барлық қызметкерлері ұстанатын сапаның негізгі қағидаттарын қамтитын ұйымдастырушылық тәртіп.

Университеттің сапа мәдениеті төмендегілерді қарастырады:

- қызметкерлер арасында «білім беру сапасының» бірдей анықтамасын және білім беру сапасы мәселесіне бірдей көзқарасын қалыптастыру;
- әр қызметкердің білім беру сапасы тікелей өзіне байланысты қандай екендігін және жұмыс орнында жоғары сапаға қалай қол жеткізуге болатындығын түсінуі;
- құрылымдық бөлімдердің жоғары сапаға жету жолдарын анық білуі және түсінуі;
- сапаны басқаруға болатындығын және осы процес механизмін нақты түсінуі.

**Сапаны қамтамасыз ету** – білім беру бағдарламаларының мазмұны, білім беру мүмкіндіктері мен белгіленген мақсаттар мен талап етілетін сапа деңгейіне сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін белгілі бір жағдайлар жасау және қажетті ресурстарды бөлу процесі.

**Стейкхолдер** – университет қызметінің нәтижелеріне қызығушылық танытқан тұлға (немесе адамдар тобы). Университет ішкі стейкхолдерларға білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлеріндегі білім алушыларды, профессорлық-оқытушылар құрамын және қызметкерлерді, ал сыртқы стейкхолдерларға – түлектерді, жұмыс берушілерді, заң шығарушы және уәкілетті органдарды, серіктестерді жатқызады.

**Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор)** – қосымша құзіреттіліктерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған пәндер және (немесе) модульдер және басқа да оқу жұмыстары түрлерінің жиынтығы.

**Дуальды (практикалық бағытталған) оқыту** – білім беру ұйымындағы міндетті оқу кезеңдері мен оқытудың кәсіпорында практиканы білім алушыға жұмыс орынын беру және өтемақы төлеу шартымен ұйымдастыруды біріктіретін, кәсіпорын және оқу орны мен білім алушының тең жауапкершілікте болатын мамандар даярлау формасы.

**Кредиттерді трансферттеу және жинақтаудың еуропалық жүйесі (ECTS)** білім беру бағдарламаларының (пәндер, курстар, модульдер) компоненттеріне кредит беру әдісі, оның көмегімен білім алушылар меңгерген пәндерді (кредиттер мен бағалармен) салыстыру және қайта есептеу білім беру бағытын, оқу елін және оқу орнын өзгерткен кезде жүзеге асырылады.

**Оқу траекториясы** – тұлғалық әлеуетін жүзеге асырудың жеке әдісі білім алушының кәсіптік қызметтің белгілі бір түріне, саласына, объектісіне сәйкес келетін оқу нәтижелерінің жиынтығына қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, білім алушының ОБ меңгеруі үшін.

**Салалық біліктілік шеңбері** – сала бойынша танылатын біліктілік деңгейінің құрылымдалған сипаттамасы.

**Транскрипт** – оқудың тиісті кезеңінде игерілген пәндер мен (немесе) модульдердің және басқада оқу түрлерінің кредиттері мен бағалары кәрсетілген тізімдерінен тұратын құжат.

**Кәсіптік бағдарлау** – білім алушыға білім және кәсіби мүмкіндіктер саласындағы өз құқықтарын жүзеге асыру, кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мамандықты және оқу орнын еркін таңдау бойынша ақпарат және кеңес беру.

## Қысқартулар

АК	– Академиялық комитет
АСББ	– Академиялық сұрақтар бойынша басқарма
ББМжМБ	– Білім беру менеджменті және мониторингі басқармасы
БББ	– Білім беру бағдарламасы
БСБ	– Білім сапасын басқару
ББСҚҚ	– Білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті
БСҚЖ	– Білім сапасын қамтамасыздандыру жүйесі
БТМ	– Белсенді таратушы материалдар
БАОӨЖ	– Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары
ЖМ	– Жоғары мектеп
ЖОЖ	– Жеке оқу жоспары
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	– Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
ҚББАБ	– Қосымша білім беру және біліктілікті арттыру бөлімі
МТБ	– Материальдық-техникалық база
МжБСО	– Мансап және бизнес серіктестік орталығы
ОТ	– Офис-тіркеуші
ПОҚ	– Профессор-оқытушылар құрамы
ПОӘК	– Пәннің оқу-әдістемелік кешені
РФ	– Ресей Федерациясы
СДжТБ	– Стратегиялық дамыту және талдау басқармасы
ҰБТ	– Ұлттық бірыңғай тестілеу
ХЫБ	– Халықаралық ынтымақтастық бөлімі

#### **4 Жауапкершілік және өкілеттік**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру басқарма, институттар, жоғары мектептер және құрылымдық бөлімшелер арасындағы ортақ жауапкершілік болып табылады.

Барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылары бөлім қызметінің нақты мақсаттарға, міндеттер мен қызметтерге сәйкес келуіне жауапты. Нақты жауапкершілік құрылымдық бөлімшелер туралы Ережеге, қызмет туралы Ережеге, алқалық органдар туралы Ережелерге және лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес бөлінеді.

#### **5 СИПАТТАМА**

##### **5.1 ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ**

1 Университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің (БСҚЖ) басымдығы – құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекеттесу процестерін бақылаудан оқу нәтижелерін бағалау мен бақылауға көшу болып табылады.

2 Университет білім беру бағдарламаларын жобалау және іске асыру кезінде күтілетін оқу нәтижелеріне нақты және айқын анықтама бере отырып, модульдік құзыреттілік әдісін қолданады. Университет білім алушылардың, жұмыс берушілердің және басқа стейкхолдерлердің бағдарламаларды бағалау мен қарастыруға қатысуын қамтамасыз етеді.

3 Университет білім беру бағдарламаларына студенттерге бағытталған оқыту процестерін енгізеді: икемді оқыту жолдарының дамуын қамтамасыз етеді; білім алушылардың оқу процесіне қызығушылығы мен белсенділігін арттыру үшін жағдай жасайды; оқу нәтижелерін бағалауда жүйелілік пен объективтілікті қамтамасыз етеді.

4 Білім беру қызметі келесі қағидаттарға негізделеді: білімге негізделген оқыту (құзыреттілікке негізделген әдіс; практикаға бағытталған оқыту; зерттеу арқылы оқыту); тұлғаға бағдарланған білім беру (кәсіби және басқа салалардағы білім алушылардың жеке өзін-өзі реттеуі; оқуға деңгейлі көзқарас; жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру); тұрақты дамуға бағытталған білім (өмір бойы білім алу; ойлау өрісі мен креативтілікті дамыту). Үш тұғырлық мәдениет білім берудің негізі болып табылады: екі дәстүрлі – гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары және жаңа – іскери мәдениет, білім беру жаһандық бәсекелестік пен тез даму жағдайында қажетті тұрақтылықты береді. Бұл кәсіпкерлік ойлау қабілеті бар мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

5 Университет білім алушылар мен оқытушыларға академиялық еркіндіктің дамуына жағдай жасайды.

6 Оқытушы сапалы оқуды қамтамасыз етудегі және білім алушылардың білім, біліктілік дағдылар және құзыреттілікке ие болуындағы басты тұлға болып табылады.

7 Университет оқытушының тиімді жұмысы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді: шығармашылықты ынталандыру және қызметті қатаң реттеуден кету; тән емес қызметтерді орындатудан құтылу; стандартты емес шешімдерді іздеуге ынталандыру; ғылыми қызметті қолдау.

8 Университет студенттер мен бітірушілердің жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін оқытушылардың құзыреттілігі мен біліктілігін бағалаудың ашық процедураларын қолданады.

9 Университет жеткілікті, қол жетімді және тиісті оқу ресурстарының және білім алушыларды қолдау қызметтерінің болуын қамтамасыз етеді. Оқу ресурстарын бөлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде университет әртүрлі топ білім алушылардың қажеттіліктерін ескереді.


10 Университет білім беру бағдарламалары өз мақсаттарына жетуін және білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруына кепілдік беру оның мониторингті, мерзімді бағалауды және қайта қарастыру процедураларын белгілейді және кезекпен қолданады.

11 Университет өзінің қызметі туралы, соның ішінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және сапаны қамтамасыз ету туралы ақпаратты жариялайды.

### 5.1.1 Білім сапасын басқару


Университеттегі білім берудің ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесі – бұл білім алушыларға бағытталған оқытуды жүзеге асыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған оқу іс-әрекетін жоспарлау мен басқарудың, оқу процесін тиімді ұйымдастырудың шаралары, Ережелері мен процедуралар жүйесі. Мұның бәрі тұтынушылардың қанағаттануын, сыртқы бақылаудың оң бағасын және білім беру бағдарламалары мен университет рейтингісін жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

Оқу процесінің технологиясын үнемі жетілдіріп отыру және нәтижесінде білім беру сапасын жақсарту міндетті шарттарға сәйкес жүзеге асырылады: ұйымдастыру және басқару, материалдық-техникалық база, ПОҚ біліктілігі (1-сурет).



Сурет 1. Білім сапасын басқарудағы процестік және жүйелік әдіс

Басқару процесі басқару циклі арқылы жүйелік сипат алады, оның негізгі құрылымдық бөліктері басқарудың функциялары мен кезеңдері болып табылады (2-сурет)




Сурет 2. Білім сапасын басқару шеңбері

### 5.1.2 Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің негізгі процестері

Университет білім беру бағдарламаларын жасаудың икемді механизмін қамтамасыз етеді. Оның алгоритмі білім алушыларда қажетті құзіреттіліктерді дамытуға бағытталған модульдік ББ жасауды қамтамасыз етеді (3-сурет).

Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде академиялық комитеттер университеттің стратегиялық бағытына – оқудағы көшбасшылық және тұлғаны қалыптастыруға назар аударады.



Сурет 3. Инновациялық білім беру бағдарламасын құру алгоритмі

Білім беру бағдарламаларын дайындаудың барлық кезеңдерінде оқытудан күтілетін нәтижелері міндетті түрде қамтамасыз етіледі. Күтілетін нәтижелер бір модульге, оқытудың бір бөлігіне, оқу бағдарламасына түгел немесе біліктілік деңгейі үшін құрастырылуы мүмкін.

Білім беру бағдарламаларын құрамына жетекші оқытушылар, жұмыс берушілер, білім алушылар кіретін академиялық комитеттер жасайды.

Университет қос дипломды білім беру мен бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру жағдайында қосымша жұмыс берушілер (инновациялық кәсіпорындар) өкілдері мен шетелдік сарапшылардың арасынан сарапшыларды тартады.

Барлық білім беру бағдарламалары тізімге енгізілуі керек, ол сонымен бірге ББ сыртқы сараптамадан өтуді қамтамасыз етеді.

Келісілудің және бекітілудің барлық кезеңдерінен өткеннен кейін білім беру бағдарламасы университеттің оқу үрдісіне енгізіледі (4-сурет).



Сурет 4. Оқу процесін ұйымдастыру

Бір оқу жылы ішінде оқу процесін ұйымдастыру университеттің ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Жоғары мектептер академиялық күнтізбелерде тәжірибе (тағылымдама) мерзімдерін, маусымдық ерекшеліктерді ескеріп, қажет болған жағдайда оларды түзету бойынша ұсыныстар енгізуі керек.

Тіркеу бөлімі білім алушыларды пәндерге жазылуын ұйымдастырады.

Сонымен қатар білім алушыларға қолдау көрсету қызметтері мен эдвайзерлер білім алушыларға әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыруға қатысады.

Академиялық лектер мен топтар осы пән бойынша оқитын білім алушылардың жеткілікті саны және олардың тиімділігі жеткілікті деңгейіне жету қағидасы негізінде қалыптастырылады.

Оқу пәндеріне жазылуды ұйымдастырудың нәтижелері бойынша институттар жоғары мектептерге пәндерді әрі қарай бөлу және оқу сабақтарының кестесін жоспарлау үшін жұмыс оқу жоспарларын жасайды.


Академиялық мәселелер жөніндегі департамент жыл сайын аудитория қорын олардың сыйымдылығы мен бағыттарының ерекшеліктеріне қарай талдау жүргізеді. Мүмкіндігінше оқу сабақтарының кестесін құру кезінде жоғары мектептераудиторияға бекітіп ұсынған оқытушылардың пікірлерін мүмкіндігінше ескереді.

Оқытушы – негізгі тұлға және оқу процесінің ажырамас бөлігі.

Оқытушы сонымен қатар тәрбиеші, білім алушылардың адамгершілік, рухани және физикалық дамуына қамқор болады.

Оқытушы өз пәнін қазіргі ғылыми деңгейде терең білуі, практикалық дағдылары, сонымен қатар сабақтас ғылымдардан белгілі бір білімі болуы керек. Оқыту әдістерін, психология мен педагогиканы жақсы білу оқытушының педагогикалық шеберлігінің негізі болып табылады. Оқытушының әдептілігі мен жеке қасиеттері студенттердің академиялық тәртіпке, оқуға, жалпы танымдық белсенділікке деген нақты кәзқарасын қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады.

Оқу процесіндегі ПОҚ оқу жұмысын жоспарлау, қызметін ұйымдастыру, білім алушының белсенділігін ынталандыру, оқу процесін бақылау, оны реттеу, түзеу және өз қызметінің нәтижелерін талдаудан тұрады (5-сурет).



Сурет 5. ПОҚ оқу процесін ұйымдастыру




ЖОО-ның академиялық дербестігі аясында оқытушы тәрбие және оқу әдістемелерін, оқу құралдары мен материалдарын, оқулықтарды, білім алушылардың білімін бағалау әдістерін таңдау және пайдалану еркіндігіне құқығы бар. Оқытушы оқытылатын оқу пәні бойынша қорытынды бақылау (емтихан) нысанын өз бетінше таңдауға құқылы.

ЖМ жетекшілерінің пәнді бір оқытушыға, яғни пән бағдарламасының жетекшісіне бекіту арқылы жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда (оқу жүктемесінің артуы) бағдарлама жетекшісі нақты пәнді жүргізетін оқытушыны анықтайды және ұсынады. Оқыту нәтижелеріне және пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеуге пәннің бағдарлама жетекшісі жауап береді.

Жеке пәндер (тілдік, жаратылыстану-ғылыми, дене шынықтыру) бойынша білім алушыға бағытталған оқытуды қамтамасыз ету үшін білім немесе білім алушының мүддесі бойынша оқытуға деңгейлік тәсіл қолданылады. Оқытушы оқуға деген қызығушылықты, жауапкершілікті және білім алушылардың табысқа жетудегі жоғары уәждемесін қамтамасыз етуге міндетті. Білім алушының жауапкершілігін қалыптастыру оқу нәтижесі үшін оқытушының оқу қызметі жетістігінің тікелей көрсеткіші болып табылады.

**Білім алушылар** білім беру бағдарламасы аясында оқыту жолдарын, элективті пәндер мен оқытушыларды таңдауға құқылы. Оқу пәндеріне қабылдау процесінде білім алушылар өздерінің ЖОЖ-ын қалыптастырады. Білім алушыларға білім беру жолдарын, элективті пәндерді таңдауда эдвайзерлер кеңестік-әдістемелік көмек көрсетеді (6-сурет).



**Сурет 6. Білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру**

Білім алушылар ЖОЖ-ның барлық пәндерінің оқу талаптарын сақтауға, оқу нәтижелерінің талаптарына сәйкес білім алып, таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды игеру керек.

Білім алушылар алғашқы сабақтарда пәндер бойынша талаптармен және білімді бағалау критерийлерімен танысады. Білім алушы қорытынды баға, қорытынды емтиханнан емес, алған білімінің ең басты сапасы семестр бойы ағымдық бақылау, күнделікті жұмыстану нәтижелеріне байланысты болатынын түсінуі тиіс. Ағымдағы бақылаудың құрамдас бөлігі электрондық журналдағы білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылау болып табылады.

Өзіндік жұмысты орындау кезінде білім алушылардың жауапкершілігін белсендендіру тікелей оқытушының бақылауына және осы жұмысты бағалауға, сондай-ақ білім алушылардың қызығушылығын тудыратын оқу іс-әрекетінің уәждемесіне және өзіндік жұмысқа ынталандыруға тікелей байланысты. Білім алушылар оқу барысында жеке оқу жоспарын орындауға, пәндер бағдарламасын мұқият меңгеруге, соның ішінде оқу сабақтарына қатысуға, оқытушылардың берген тапсырмаларын орындауға міндетті.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу кезінде білім алушы 5 оқыту нәтижелерін көрсетуі тиіс: оқылатын саладағы білім және түсіну; кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және мәселелерді шешу; ақпаратты жинау және түсіндіруді жүзеге асыру; ақпаратты, идеяларды, шешімдерді хабарлау; оқуды өз бетінше жалғастыру дағдылары.

### 5.1.3 Білім беру сапасының мониторингі

Оқыту сапасын және оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз етуді бағалау үшін білім беру бағдарламалары бойынша жеке, сондай-ақ жалпы университет бойынша кешенді мониторинг жүргізіледі (7-сурет).

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің кешенділігі үшін институттар білім алушыларды оқуға жинаудан бастап, мамандарды шығаруға дейін, сондай-ақ бағдарламалардың жұмыс берушілер мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігіне, бітірушілерді жұмысқа орналастырылуына және олардың кәсіби мансабына жауап береді.



Сурет 7. Білім беру мониторингін ұйымдастыру

Институттар базасында білім беру бағдарламасының мазмұны мен іске асырылу шарттары, бағалау саясаты және институттың (жоғары мектептің) басқа да академиялық мәселелері, яғни білім алушыларға білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкестігі, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуы, т.б. бойынша шешімдер қабылдайтын, сауалнама жүргізуді ұйымдастыратын сапаны қамтамасыз ету Комитеті құрылады. Сапаны қамтамасыз ету Комитетінің құрамына ЖОО-ның оқытушылары, білім алушылары, магистранттары мен докторанттары және басқа да академиялық қызметкерлері кіреді. Сапаны қамтамасыз ету Комитетінің отырысына ЖОО әкімшілік-басқару қызметкерлерінің әкілдері қатысады.

## 5.2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық жауапкершілік, нақтылық, талаптардың бірлігі, объективтілік және әділдік, ашық және айқын қағидаттарына негізделеді.

2 Университет оқытушыдан талап етеді:

- пәннің нақты саясатын, білім алушылардан күтілетін талаптарды анықтау;
- определение білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерінің саясатын анықтау.

3 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі әрбір оқу пәні (модуль) шеңберінде оқу жетістіктерін бірдей бағалауды қамтамасыз етуге арналған.

4 Оқытушы білімді объективті бағалайды және білім алушыларға жоғары талаптар қояды.

5 Университет осы кезеңдегі білім алушыларға таңдаған кредиттер санына қарамастан, оқу жылындағы үлгерімнің ауыспалы орташа балын (GPA) белгілейді, сондай-ақ академиялық дәреже алу үшін үлгерімнің жиынтық орташа балын белгілеуге құқылы.

6 Университет әкімшілігі "жақсы" және "өте жақсы" деген бағалар санын емес, білім алушылардың оқу жетістіктері нақты білім мен оқу нәтижелерін көрсететіндей бағалау жүйесін қолдайды.

### 5.2.1 Оқыту нәтижелерін талдау және бағалаудың негізгі процестері

Университеттегі мобильді орта және білімді бақылауды автоматтандыру білім алушылардың қызметі мен нәтижелерін кез келген уақытта көруге мүмкіндік береді.

Оқу жетістіктерін бағалау бағалау саясаты мен алдын ала анықталған бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, бағалау кезінде оқытушы формальды критерийлерге сүйеніп қана қоймай, оқыту нәтижелері негізінде алған дағдыларды ескере отырып, білім алушылардың білімін, оның қабілетін жан-жақты қарастыруы тиіс. Оқыту нәтижелерін білім алушының күтілетін білімі ретінде сипаттауға болады, ол қабілетін оқыту процесі аяқталғаннан кейін қолданады (8-сурет).



Сурет 8. Білім алушылардың білімін бағалауды қалыптастыру

ПОҚ оқытылатын пәндер бойынша білім алушылардың үлгерімін өз бетінше талдайды және ағымдағы және қалаған оқу нәтижесі арасындағы алшақтықты жеңуге бағытталған шешімдерді уақтылы қабылдайды.

ЖМ жетекшілері эдвайзерлермен бірге аралық бақылау нәтижелері бойынша талдау жүргізеді, жекелеген білім алушылардың үлгерімі мен сабаққа нашар қатысуының себептері анықталады, қажет болған жағдайда тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.

Институттар семестр бойы білім алушылардың ағымдағы үлгерімін, емтиханға жіберу бағасы мен қорытынды бақылау нәтижелерін бақылайды.

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушылардың академиялық рейтингі жасалады, сондай-ақ оқу жылының нәтижелері бойынша (жазғы семестр нәтижелерін ескере отырып) білім алушылардың үлгерімінің орташа балы (GPA) келесі оқу жылына ауыстыру үшін есептеледі.

Магистрант пен докторантты ауыстыру үшін жеке жұмыс жоспарын орындау тұрғысынан академиялық аттестаттаудан өту негіз болып табылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша әр түрлі деңгейдегі басқару шешімдерін одан әрі қабылдау үшін ПОҚ-ның оқу қызметіне бағалау жүргізіледі.

### **5.3 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ**

1 Университет сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

2 Университет білім алушылардан, оқытушылардан, қызметкерлерден және әкімшіліктен академиялық адалдықты сақтауды талап етеді.

3 Білім алушы өз қызметінде сабақтарда, емтихандарда, жазбаша жұмыстарды орындауда, ғылыми зерттеулер мен басқа да оқу іс-шараларын өткізуде академиялық адалдықты ұстанады.

4 Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер академиялық адалдық қағидаттарын: адалдық, зияткерлік меншіктің барлық түрлерін қорғау, ашықтық, білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, теңдікті өз жұмысының тәжірибесіне енгізуге ықпал етеді.

5 Университет академиялық адалдық нормалары бұзылуы мүмкін жағдайларды ескертеді, сондай-ақ болуы мүмкін бұзушылықтар үшін санкцияларды анықтайды.

6 Университет әкімшілігі академиялық адалдықты қолдауға және дамытуға бағытталған жағдайларды қамтамасыз етеді, білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін академиялық орта құруға ықпал етеді.

#### **5.3.1 Академиялық адалдық саясатын енгізу процесі**

Университет ескерту және тұрақты тәжірибе көмегімен білім алушылардың академиялық әділетсіздікке әкелуі мүмкін іс-әрекеттерін жұмыстың ерте сатысында анықтап, академиялық адалдық саясаты ережелерінің бұзылғанға дейін жойып отыруы тиіс.

Университет басшылығы оқу процесіне қатысушыларды академиялық адалдықтың жоғары стандарттарын алға жылжыту және қорғау үшін көтермелейді және ынталандырады (9-сурет).

Алғашқы сабақ Академиялық адалдық принциптерін дамытудан басталады. Кейін академиялық адалдық ережелері туралы әр түрлі сабақ түрлерін жүргізетін, емтихан қабылдайтын, курстық жұмыстарға (жобаларға), дипломдық, магистрлік және докторлық диссертацияларға, кәсіби практикаға жетекшілік ететін оқытушылар жүйелі түрде ескертіп тұруы керек.

Білім алушы өз қызметінде сабақтарда, емтихандарда, жазбаша жұмыстарды орындағанда, ғылыми зерттеулер мен басқа да оқу іс-шараларын өткізуде академиялық адалдықты ұстануы тиіс.



**Сурет 9. Академиялық адалдық саясатын жүзеге асыру үдерісі мен тәртібі**

Академиялық адалдық ережелері білім алушылардың жауапкершілігін және олардың қағидаларын бұзғаны үшін қолданыстағы шараларды қабылдауды қамтамасыз етеді. Қызметкерге қолданылатын жауапкершілік түрлері және оларды қолдану тәртібі университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелген.

#### **5.4 АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ САЯСАТЫ**

1 Университет халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне ықпалдасуға, шетелдік және отандық жоғары оқу орындарымен әріптестікті дамытуға мүмкіндік беретін академиялық ұтқырлықты қолдайды.

2 Университет студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және ПОҚ академиялық ұтқырлығын қолдайды және оны алмасу, қос дипломды білім беру және бірлескен ББ, жазғы және қысқы мектептер, ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық, тағылымдама және т.б. бағдарламалары арқылы жүзеге асырады.

3 Университет академиялық ұтқырлықты студенттердің келесі кәсіби дайындық деңгейін арттыру:

- практикалық дағдылар мен құзыреттілікті жетілдіру;
- халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларына қатысу;
- ағылшын тілін меңгеруді жетілдіру және келген елдің мәдениетімен және ЖОО дәстүрлерімен танысу;
- мәдени, жалпы білім беру деңгейін арттыру;
- ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту үшін пайдаланады.

4 Студенттердің академиялық ұтқырлығының басымдылығы сандық технологиялар бойынша білім беру бағдарламаларын меңгеру, жоғары сапалы білім беретін университеттерде инновациялық технологиялармен танысу және жаңа білім алу болып табылады.

5 Университет студенттердің академиялық ұтқырлығы (алмасу) үшін мынадай жолдармен жағдайлар мен мүмкіндіктер жасайды: шығындарды толық және ішінара өтеу, алмасу бағдарламаларының базасын құру, басқа жоғары оқу орындарының студенттеріне тұрғын үй беру және оқыту үшін жағдай жасау, білім беру гранттарын іздеу және беру, академиялық ұтқырлық кезеңінде пәндердің айырмашылықтары бойынша пайда болған пәндерді тегін оқыту, стипендияны сақтау, ағылшын тілін оқыту.

6 Магистранттар мен докторанттардың академиялық ұтқырлығының басымдылығы қазіргі ғылыми зерттеулермен шетелдік және отандық ғылымның жаңа теориялық және әдіснамалық жетістіктерін игеру болып табылады. Бұл:

- ғылыми-білім беру қызметінің тұлғалық өсуін жүзеге асыруға;
- ғылым бағыты бойынша ғылыми-практикалық дағдыларды жетілдіруге және кәсіби қызмет тәжірибесін алуға;
- ағылшын тілін жетілдіруге және келген елдің мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді.


7 ПОҚ академиялық ұтқырлығының басымдығы өзіндік ғылыми және білім беру қызметінің көкжиегін кеңейту, білім мен дағдыларды алу үшін шетелдік тәжірибені пайдалану болып табылады.

8 ПОҚ академиялық мобильдігінде университет: ғылым мен білім берудегі жаңа білім беру бағдарламаларын, сандық технологияларды меңгеруді; біліктілікті арттыру, тәжірибе алмасу бағдарламалары арқылы инновациялық модульдік пәндерді, ғылыми зерттеу әдістерін трансферттеуді және енгізуді көтермелейді.

9 Жалпы университет үшін академиялық ұтқырлық білім беру сапасын арттыру, оқу процесіне жаңа әдістер мен технологияларды енгізу, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру, білім беру беделін және университеттің имиджін арттыру, үздік ЖОО ресурстарын пайдалану сияқты міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

#### 5.4.1 Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру процесі

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру тәртібі, студенттерді іріктеу жоспарлау, іске асыру және мониторинг негізінде жүзеге асырылады (10-сурет).



Сурет 10. Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру тәртібі

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы бойынша жұмысты үйлестіруді *Халықаралық ынтымақтастық бөлімі* жүргізеді, олардың міндеттеріне кіреді:

- академиялық ұтқырлықты жоспарлау мәселелері кешенін қалыптастыру;
- академиялық ұтқырлықтың іске асырылуын бақылау және мониторинг жасау;
- академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру үшін шетелдік жоғары оқу орындарын іздеу және олармен меморандумдар, келісімдер жасасу;
- академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға шетелдік грант/бағдарламаларды іздеу;
- эдвайзерлерге/студенттерге шетелдік бағдарламаларды таңдауда кеңестік көмек;
- шығатын студенттерге виза алуға көмек көрсету;
- шетелдік студенттерді кірістік ұтқырлық бойынша тіркеу;
- студенттердің академиялық ұтқырлығы үшін қаржы ресурстарын анықтау;
- студенттердің академиялық ұтқырлығы үшін құжаттамаларды дайындау;
- институттар мен жоғары мектептерде жүзеге асырылатын жазғы және қысқы мектептердің қызметін үйлестіру.

Жоғары мектептердің *академиялық ұтқырлық бойынша эдвайзерлері* білім алушылардың академиялық ұтқырлығын іске асыруға жауапты, олардың міндеттеріне кіреді:

- академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алу үшін қажетті білім беру бағдарламаларын немесе модульдерді анықтау;
- академиялық ұтқырлық бойынша оқуға ниет білдірген студенттерді іріктеу, оларды үгіттік сүйемелдеу, соның ішінде тілдік дайындық қажеттілігі, білім беру бағдарламаларын жеке таңдау;
- студенттерге кеңестік көмек көрсету, соның ішінде шетелде оқуы кезінде, қажетті құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу, соның ішінде үш жақты келісім-шарт жасасу;
- студенттерді кірістік ұтқырлық бойынша тарту, оларға қолдау көрсету және кеңестік көмек көрсету;
- жазғы және қысқы мектептердің жұмыстарын ұйымдастыру.

*Кадрлық қамтамасыз ету басқармасының маманы (паспортист)* шетел азаматтарын есепке қою және есептен шығару, сондай-ақ оларды көші-қон қызметінде визалық ресімдеу мәселелерімен айналысады.

Қажетті кеңестік көмекті, сондай-ақ академиялық ұтқырлықты жүзеге асырудың жеке рәсімдеріне тікелей қатысуды өз құзыреті шеңберінде ББМЖМБ, офис-тіркеуші, ҚБББАБ және ғылым басқармасы жүзеге асырады.

*ББМЖМБ-ң* міндетіне кіреді:

- серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, олармен шарттар, келісімдер жасасу;
- академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру үшін серіктес жоғары оқу орындарымен оқу жоспарларын келісу және біріздендіру.

*Офис-тіркеушінің* міндетіне кіреді:

- оқу жетістіктерін тіркеу және кредиттерді қайта есептеу;
- ОТ-ң есепке алу базасынан транскрипт пен басқа да қажетті құжаттарды дайындау.

*Қосымша білім беру және біліктілікті арттыру бөлімі* жүзеге асырады:

- университет қаражаты, шетелдік бағдарламалар мен ғылыми жобалар қаражаты есебінен университет ПОҚ мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, тағылымдамадан өту;
- шетелдік ғалымдарды шақыру;
- жоғары оқу орындары арасындағы келісімдер негізінде қашықтықтан оқыту курстары мен ЖАОК-ды оқу процесінде пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

*Ғылым басқармасы* жүзеге асырады:

- ғылыми жобалар аясында магистранттар мен докторанттардың тағылымдамасын;
- білім алушылардың ЖОЖ игеру шеңберінде ғылыми-білім беру мекемелеріндегі академиялық ұтқырлығын.

## 5.5 ҚАБЫЛДАУ САЯСАТЫ

1 Қабылдау саясатының басымдығы талантты жастарды тарту аясында дарынды балаларды іздеу және іріктеу, оларды оқыту және қолдау болып табылады.

2 Университет талапкерлерге (ақылы негізде) қабылдаудың шекті деңгейін белгілей отыра, болашақта кәсіптік салада жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатын базалық білім деңгейі жоғары талапкерлерді қабылдауға қызығушылық танытуға мүдделі.

3 Университет әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен жастарға жоғары білімге қол жетімділікті қамтамасыз етуге, сонымен қатар ерекше білім алуды қажеттететін студенттерге тең жағдайлар мен кедергісіз қол жетімділікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

4 Университет қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты бере отырып, қоғаммен жүйелі байланыс орната отырып, ашық және қол жетімді болуға ұмтылады.


5 Студенттерді қабылдау кезінде университет білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тиімділік деңгейіне жетуді міндетті түрде ұстанады.

6 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау саясаты келесі біліктілік деңгейіне жету үшін студенттер мен магистранттардың кәсіби өзін-өзі анықтауға негізделген (магистратура бакалаврлар үшін, докторантура магистрлер үшін).

7 Университет жұмыс берушілерді мамандар даярлау және кәсіптік білім беруді интернационализациялау процесіне тарта отырып, кәсіптік бағдар берудің стандартты емес әдістерін қарастыруға ұмтылады.

### 5.5.1 Кәсіби бағдар беру және қабылдаудың негізгі процестері

Қабылдау процедурасынан бұрын жастарға кәсіптік бағдар беру және университеттегі ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. ЖОО-ға оқуға қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, азаматтардың өз қаражаты және басқа да қаражат есебінен төленеді (11-сурет).



Сурет 11. Кәсіби бағдар беру жұмыстары және қабылдау үрдістері



Дарынды жастарды тарту және қолдау шараларына: пәндік олимпиадаларды өткізу, олардың нәтижелері бойынша білім гранттарын, оқуға ақысы бойынша жеңілдіктер беру, шет елдік жоғары оқу орындарына оқуға және тағылымдамадан өтуге жолдамалар, жарыстар, байқаулар, конференциялар және т.б. жатады.

Қаңтар-наурыз айларында тестілеуді сәтті тапсырғаннан кейін «Алтын белгіге» үміткерлер университеттің грантына түсу мүмкіндігін иелене алады.

Ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде ҰБТ-дан жоғары баллы алған талапкерлерге жеңілдік беріледі.

Университет Серпін, аймақтың кадрларға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ЖАО гранттары академиялық мансаптың мүмкіндіктерін түсіндіретін бағдарламаларды қолдайды.

Жыл бойы кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу және қабылдауды ұйымдастыру үшін университетте студенттер контингентін қалыптастыру орталығы құрылды.

Қабылдау кезінде барлық талапкерлер білім алушылардың жекелеген санаттары бойынша әлеуметтік пакеттердің бар екендігі, ұйымдастыру аптасына қатысу қажеттілігі туралы ескертіліп, анықтама-жолсілтегіштермен қамтылады.

## **5.6 АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ СЯСАТЫ**

1 Университет өз қызметкерлері оның жетістігінің негізі екенін мойындайды, сондықтан адами әлеуетті дамыту, университеттің даму деңгейі тұтастай тәуелді болатын, стратегиялық мақсат болып табылады.

2 Саясаттың басымдығы, оның зияткерлік құрамдас бөлігін озық дамыта отырып, адами капиталды молайту үшін жағдайлар жасау болып табылады.

3 Университет кадрлық әлеуетті тұрақты дамыту үшін университет бюджетінің кіріс базасын қалыптастырудың ұзақ мерзімді, сенімді және болжамды негізін құруға ұмтылады.

4 ЖОО-ның бірінші кезектегі құндылықтары мен бағдарлары, көшбасшылық қасиеттерді көрсететін ғалымдардың туынды қызметі ретінде, инвестицияларды ғылым мен білімге жүзеге асыруға бағытталған.

5 Басшылық, кадрлық әлеуетті дамытуды, әркім зияткерлік байлықты ғана емес, сонымен бірге физикалық және рухани денсаулықтың белгілі бір деңгейіне ие болғысы келетіндей етіп қолдайды.

6 Университет, өзінің саясатының тиімді болуы үшін, қызметкерлер өздерінің дамуы үшін жауап беруі керек екенін мойындайды.

7 Әрбір оқытушы университеттің даму стратегиясына сәйкес өзінің даму бағдарламасын қабылдауға міндетті.

8 Оқытушы өзінің зияткерлік қабілеттерін ескере отырып, жұмыс көлемін дербес жоспарлайды және оларды уақытында орындайды.

9 Шарттық қатынастар адамның өнімді мінез-құлқын ынталандыруға негізделеді, сондықтан университет, өз жұмысының сапасы мен нәтижелілігіне қызығушылықты арттыра отырып, ПОҚ-ы ынталандыру және еңбекақы төлеу жүйесін қалыптастырады.

10 Университет қызметкерлерді, университет дамуының басым бағыттары бойынша біліктілікті арттырудың тиімді курстарында оқыту, сондай-ақ жас оқытушыларды дипломнан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту арқылы, дамытуды жүзеге асырады.

11 Университет жас оқытушылардың ағымдағы рөлі мен мансаптық өсуін жоспарлауда тиімділікті арттыру үшін тиісті білім, дағдылар мен құзыреттер алуын көтермелейді.

### 5.6.1 ПОҚ қызметін жоспарлаудың негізгі процестері

Профессор-оқытушылар құрамы жұмыс уақытының жылдық нормасының шегінде келесі қызмет түрлерін орындайды:


- білім алушылармен аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстардың әртүрлі түрлерін қамтитын оқу (білім беру);
- әдістемелік;
- ғылыми және ғылыми-әдістемелік;
- ұйымдастырушылық-қоғамдық және тәрбиелік.

Барлық қызмет түрлеріне бөлінген уақыт оқытушының жалпы ғылыми-педагогикалық жүктемесін құрайды.

Профессор-оқытушылар құрамы үшін жалпы жүктеме аптасына 36 сағат жұмыс уақытының ұзақтығына қарай белгіленеді.

Әрбір оқытушының жұмысын айқындайтын негізгі құжат ұзақ мерзімді (3-5 жыл) кезеңге жасалатын даму бағдарламасы және қысқа мерзімді (оқу жылына) кезеңге жасалатын жеке жоспар болып табылады.

Жеке даму бағдарламасын жасамас бұрын ПОҚ-ң кіріс біліктілік деңгейі анықталады (12-сурет).



Сурет 12. Адами ресурстарды дамыту

Әр оқытушы ағымдағы кезеңдегі жетістіктерінің деңгейін көрсететін портфолио жасайды. Бұл әркімге өсу нүктесін анықтауға, сайып келгенде қызметтің әртүрлі бағыттарындағы (білім, ғылым, тәрбие жұмысы және т.б.) жеке табысын салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Сондықтан даму бағдарламасында, ПОҚ-ң қандай жүкпен (қайтадан) өз қызметін бастайтыны, нені жоспарлайтыны және аттестаттау кезеңіне (мерзіміне) қандай нәтижелермен (табыстармен) келетіні, белгіленуі тиіс.

Оқу жұмысын жоспарлау академиялық кредиттерде жүзеге асырылады және ПОҚ-ң санатына қарай кредиттік еңбекақы төлеу, жекелеген жағдайларда академиялық сағаттарда сағаттық ақы төлеу, жүзеге асырылады.

Педагог қызметкердің лауазымына байланысты ПОҚ-ға оқу жұмысынан басқа оқудан тыс жұмыстардың басқа да түрлері жүктеледі.

Негізгі еңбек функциялары лауазымдық міндеттермен, еңбек шарттарымен айқындалады.

Оқудан тыс жұмысты жоспарлауды оқытушы жоғары мектептің (орталықтың) жоспарларына сәйкес жүзеге асырады.

Жоғары мектеп басшысының, оқытушының атқаратын лауазымына байланысты жұмыстардың өзара байланыстылығын, жұмыс уақыты нормасының оңтайлы орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құзыреттер деңгейін ескере отырып, белгілі бір еңбек функцияларын толық немесе ішінара тапсыруға, құқығы бар.

Тәжірибелі оқытушыларға (ғылыми дәрежесі бар профессорларға, доценттерге) оқу және/немесе білім беру бағдарламасына басшылық жасау, магистранттар мен докторанттарға басшылық жасау, ғылыми үйірмелер ұйымдастыру, ғылыми жобаларға басшылық жасау және қатысу жүктеледі.

Жас оқытушылар (алғашқы 3 жылда) ұйымдастырушылық-қоғамдық қызмет (эдвайзер, деректер базасын, оның ішінде ақпараттық жүйелерді қалыптастыру бойынша жұмыстар, қабылдау комиссиясы және т.б.) жүргізуге міндетті.

Жалпы, ПОҚ кәсіби құзыреттілік аясында жалақының әртүрлі нұсқаларын қарастырып, мүмкіндігінше оларды әртараптандыруы керек.

ЖОО мен ПОҚ білім және ғылым саласындағы мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау үшін біртұтас жұмыс істеуі тиіс.

Университеттегі адам ресурстарын дамыту жүйесі оқытушының өз жұмысының сапасы мен тиімділігіне қызығушылығын арттыруға бағытталған.

ЖОО-ң жетістіктері және әрқайсысының жеке табысы – ПОҚ-ның тұрақты кәсіби қатысуының тиімділігі мен нәтижелілігінің көрінісі.

## **ОҚЫТУШЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ КОДЕКСІ**

### **Қоғамға қызмет ету**

Сапалы білім мен ғылыми зерттеу арқылы экономиканың дамуына жеке үлес қосу

### **Университет дәстүрін ұстану**

Университет дәстүрі мен имиджін жеке мүддеден биік қою

### **Ұжымдық еңбек**

Ортақ еңбек пен жеке жауапкершілік арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізу

### **Өзін-өзі дамыту**

Тұлғалық және кәсіби тұрғыдан өсу үшін үздіксіз еңбектену

### **Моральдік құндылықтар**

Өз үлгісімен айналасындағылардың мәдениеті мен адалдығының дамуына ықпал ету

# **ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТІНІҢ АНТЫ**

## **Білімге табыну**

Мен сүйсіне оқып, жаңа білімді игеремін

## **Қоғамға қызмет ету**

Мен алған білімімді қоғамның дамуына жұмсаймын

## **Университетке қызмет ету**

Мен университетімнің дәстүрін сақтап, ізбасарларыма еселеп жеткіземін

## **Студенттік өмір**

Мен өз қабілеттерімнің барлығын жүзеге асыруда белсенді боламын

## **Оқытушыға құрмет**

Мен оқытушыны құрмет тұтамын, оның еңбегі мен мәртебесін бағалаймын

## **Жауапкершілік**

Мен болашағымыздың негізі – жауапкершілік, тәртіп, ұтқырлықты шыңдаймын

## **Адалдық пен әділдік**

Мен өз шешімдерімнің барлығында адал боламын және академиялық ортада әділдікті дамытуға ұмтыламын



УТВЕРЖДАЮ  
Председатель правления-ректор  
НАО «Западно-Казахстанский  
аграрно-технический  
университет им. Жолдыр хана»  
А.М. Наметов  
« 06 » 05 2021 г.

ПОЛОЖЕНИЕ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
АКАДЕМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА

СМК.08. ПД.28

Редакция № 01

Экземпляр № \_\_\_\_\_

Разработано: 30.04.2021 Губашев Н.М.	Согласовано: 04.05.2021 Таубаев У.Б. Ихсанов Е.Б.	Введено: 11.05.2021 Взамен: СМК.08. ПД.28 от 30.04.2020 г. Пересмотр: 13.05.2024
---	---	---

СМК.08. ПД.28 АКАДЕМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА Изменения: 01 Стр. 1 из 21

## СОДЕРЖАНИЕ

1. Цель
2. Применение
3. Определения и сокращения
4. Ответственность и полномочия
5. Описание
6. Документация
7. Ссылки

Изменения				
№	Дата введения	Номера страниц	Разработчик	
			ФИО	Подпись

## 1 Цель

Настоящее положение Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана (далее – ЗКАТУ/Университет) отражает концепцию стабильного функционирования системы внутреннего обеспечения качества в условиях реализации образовательных программ, основанных на стандартах и руководствах для обеспечения качества высшего и послевузовского образования в европейском пространстве высшего образования (ESG).

Основная цель – создание целостности системы, направленных на реализацию студентоцентрированного обучения и повышения качества образования. Документ представляет академическую политику, которая включает: Политику внутреннего обеспечения качества образования, Политику оценивания учебных достижений обучающихся, Политику академической честности, Политику академической мобильности, Политику приема и Политику развития человеческого потенциала.

## 2 Область применения

Данный документ является основным элементом академической политики университета и может быть сформулирован в целевых показателях или в виде принципов деятельности вуза в отношении качества.

## 3 Определения и сокращения

### 3.1 Определения

➤ **Внутренняя система обеспечения качества университета** – это совокупность организационной структуры вуза, внутренней документации, показателей процессов и ресурсов, необходимых для постоянного повышения качества образовательных программ и развития культуры непрерывного совершенствования.

➤ **Качество образования** – комплексная характеристика образовательной деятельности и подготовки обучающегося, выражающая степень их соответствия государственным общеобязательным стандартам образования, профессиональным стандартам и потребностям основных стейкхолдеров, а также степень достижения планируемых целей и результатов образовательной программы.

